



## **Туған Жер: көне тарихтың көмбесі**

Ұлан-ғайыр мына Ұлы Даланың кез келген атырабын шет елдіктерге мақтана көрсетуімізге болады. Айнадай мөлдір көлдер, құйқалықыратты өңірлер, таумен таласқан қарағайлы ормандар, аспанға қол созған асқарлы шыңдар, жеріне таяқ қадасаң, дарак болып өсетін шұрайлы өлкелер біз де жетерлік. Сұлулығымен, әсем табиғатымен көрген жұртты тамсандырып, таңдандырған қазақ даласының бір пұшпағы – Жетісу. Ықылым заманнан бұ Жетісу – жер жәннаты, жер жұмағы, шоқтығы болып саналады емес пе! Осынау айналайын атамекеннің не заманнан жазиралы мекені, жер құты болған асыл қазынасы – Ақсу, Қапал-Арасан өңірі еді. Біз, осы сайын даланың төсінде аунапқунап өскен соң, қатпарлы тарихы бар киелі өңірдің тарихынан сыр шертсек деп едік:

### **Қапалдың қилы тарихы**

Биыл Қапал бекінісіне 170 жыл! Иә, Қапал бекінісінің негізі 1847 қаланғанымен, оның тарихи тамыры тым тереңнен сыр шертеді. V – VII ғасырларда бұл шаһар Қимақ мемлекетінің ордасы болған-ды. Тегінде, «Қапал» атауы қалай пайда болған? Әуелі, елді мекенді жағырапиялық жағынан алып қарағанда, орналасқан жері сазды, көк шалғынды, қопалы болып келеді. Сосын ел-жұрт – «Қопалы» деп атаған екен. Екіншіден, Есім ханның тұсында сүйегі – Дулат атасынан тарайтын Қапал есімді батыр болған. Оның жерленген жері Қапалдан 30-40 шақырымдай аралықта орналасқан Қоңыр ауылының іргесіндегі «Қара мола» бейіті. Үшінші бір тарихи дерек былай деп сөйлейді: қалмақтың да Қапал есімді қолбасшысы болыпты. 1723 жылғы Талас өзенінің бойында өткен қазаққалмақ соғысында Бөрібай батырмен жекпе-жекке шығып, жан тапсырыпты. Қалмақтар оның сүйегін «Тамшыбұлақ» жотасындағы «Төске» алаңына жерлеген екен.

1845 жылға дейін Қопалы өңірі – тарихтың нақ өзі, куәсі болғанға ұқсайды. Қара шекпенділер келген соң, түркі жазуымен бедерленген көптеген балбалтастарды қиратып, үй салып, бекініс құрған.

### **Арасанның айшықтары**

Ұлы Даланың сұлу мекені – Арасан! Қазақ сахарасының маржан көздерінің бірі – Арасан өңірінің қазақ тарихында алатын орны ерекше. Арасан өңірі де өз басынан қилы тарихи кезеңдерді өткірді. Қазақ халқының басынан өткерген қайғы қасіреті мен қуанышы бұл өңірде де ізін қалдырды. Арасан даласы айбынды Шыңғыс хан әскерлері тұяғының

астында да тапталды. Оған дәлел: халық санасында ғасырлар бойы өшпей келе жатқан Шыңғыс хан қолбасшыларының бірі – Қапын туралы аңыз. Қапал ауылы маңындағы «Бәйге төбе» осы қолбасшыға арналған мазар екені дәлелденеді аңызда.

Баянжүрек тауы – қазақтың атақты Қасым ханы ат шалдырып демалған жері. Қылышынан қан тамған Жоңғар қалмақтары да Арасан алқабын ғасырға жуық мекен еткен. Қазақ даласын Жоңғар басқыншыларынан азат ету үшін болған жорықтарда Арасан жерінде халқымызды Абылай, Төле, Қабанбай, Баян, Шоңай, Дәулетбай, Еспембет, Есенкелді, Ақбантай секілді дара перзенттері жерімізден қалмақ басқыншыларын қуып шығып, халқымыздың тәуелсіздігін алып берген.

Күллі қазақ даласын отаршылдыққа қарсы көтерген сұлтан Кенесары қозғалысының жалыны да осы өңірді шарпып өтті. 1849 жылы Қыдырәлі руының көсемі Тәнеке батыр бастаған қазақ сарбаздары Кенесары мен Наурызбайдың өмірін қиған қырғыз манабы Тұрағұл ауылын шауып, қылмыскерді ат құйрығына байлап, аяусыз жазалады. 1860 жылы ішкі Ресейден жер ауып келген орыс қарашекпенділері Арасан ауылының іргетасын қалаған еді.

Қасиетті Арасан өңірінің дәмін ұлы орыс саяхатшылары Семенов Тянь-Шаньский, Г.Н.Потанин, ағылшын елшісі Аткинсон татты. Қазақ мәдениетінің шоқ жұлдыздары Әсет ақын, Жаяу Мұса, Біржан Сал, ақын Сара, Шәкәрім, Түбек ақын секілді дала перзенттері ән шырқаған жер еді бұл! Қазақ халқының дарынды азаматы, ғалым Ш.Уәлихановтың ерекше ықыласы ауған жер де осы – Арасан алқабы еді.

Арасан жері халқымыздың бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі, оның жарқын болашағы үшін аямай тер төккен асқан білімпаз, елді аузына қаратқан, қазан төңкерісіне дейінгі мерзімде Қазақстанда отаршылыққа қарсы батыл үн көтерген ірі мемлекет қайраткерлерінің бірі – Барлыбек Сырттановтың кіндік қаны тамған жер.

Кезінде Ә.Бөкейхан, Ж.Сейдалин, Б.Қаратаев, Ғ.Мұсағалиев, М.Тынышбайұлы, М.Сердалин, К.Тоғысов секілді қоғам қайраткерлерімен қоян-қолтық араласқан, қазақ халқын отаршылдықтың қанды шеңгелінен босатудың қамын ойлаған ұлы даланың перзенті, ірі қоғам қайраткері, қазақтың ағарту саласында ерекше орын алатын Біләл Сүлеевтің кіндігі Баянжүрек тауында кесілген еді. Арасан өңірін жайлаған ақсүйек, атымтай жомарттар да халқымыздың мәдениағарту саласынан шет қалған жоқ. Атақты Қыдырәлі Маман байдың ұлдары Тұрысбек, Сейітбаттал және Есенғұл қажылар Жетісу өлкесінде мектеп ашып, Маманның кіші ұлы Есенғұл қазақ романына бәйге жарияласа, үлкен ұлы Тұрысбек әйгілі «Біржан-Сара» айтысын өз ауылында өткізген еді.

Өткен ғасырларда Арасан жеріне алғашқы қоныстанған, орыстың қара шекпенділерінің келуі бекерден бекер емес. 1788-жылдары бұл ауылдан Жібек жолы дәл түп нұсқасымен қиып өткен. Бұл жер қасиетті билер елімен, талай тарлан таланттардың түнеп өткен киелі, жол үстіндегі кішігірім шағын казактар бекеті болған. Әйгілі Қыдыралы бидің төрелік еткен қасиетті жері.

Арасанның солтүстік батыс жерлерін, Қаракия, Көңтөбе, Асуөтер, Қарашоғыр шалғыны сияқты жерлерді орыстар мекендеп, ағаштан алғаш үй салған. Сол ғасырда әйгілі ге ограф Шоқан Уәлиханов пен П.П.Семенов келген. Шоқан Уәлиханов Қапал уезін, Жоңғар Алатауын, Жетісу өңірін Қашқар сапарына барарда картаға сызған болатын.

PS: Үкімет соңғы жылдары отандық туризмді дамыту мәселесімен айналысып келеді. Отандық туризмнің қайнар көзінің бірі – Жетісу өңірі. Соның ішінде байырғы Қапал, Қапал – Арасан елдімекендерін айрықша атауға болады. Кешегі кеңес дәуірінде «ҚапалАрасан» шипажайының атағы асқақтап тұр еді... Бүгінде сол шипажайлы аймақтың бір ғана ғимараты халыққа қызмет етуде. Отандық туризмді дамытуға арналған мемлекеттік жоспарға Қапал өңірін кіргізсе, біріншіден, жергілікті бюджетке қомақты қаржы түседі, екіншіден, аталмыш аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарыды, үшіншіден, ауылаймақтағы «жұмыссыздық» мәселесі шешіледі.

Қапал өңірінің туристік бағытын былайша жүзеге асыруға болады. Қапал – тарихи өңір. Талдықорғаннан шыққан туристік бағыт бірінші Қапал бұрылысына келіп, Қапал

батыр ескерткішін көріп, одан әрі Қоңырдағы Қапал батыр кесенесіне барып, дұға етіп, атақты жазушы Сайын Мұратбековтің ауылына соғып, тарихтағы Ақын Сара мен Біржан сал айтысқан Ешкіөлмеске аялдауға, Шымбұлақ асуына барып, тау бұлағы суынан дәм татып, Күреңбел кезеңі арқылы Қапал ауылына келіп, Тамшыбұлақ демалыс саябағына кідіріп, Қапалдағы Фатима Ғабитова мен Ақын Сара мұражайын көріп, Арасанға бет алса, жолдан атақты Тәнеке батыр кесенесі, Қожабек көктеуіне тоқтап, Баянжүрек, Мұздыбұлақ таулары мен ғасыр саңлағы Д.А.Қонаевтың саяжайын көруге мүмкіндік туар еді.

Келген саяхатшыларды ауылдағы шипажайға орналастырып, ем-дом шараларын қабылдаттырып, ауылдың табиғи тағамдары мен сүт өнімдерінен ауыз тигізіп, Б.Сырттанов атындағы орта мектептің «Шебер қолдар» үйірмесінің шеберлері істеген түрлі кәдесыйларды естелікке алып, жұмбақ өлке аясында демалып қайтқан турист разы болатыны сөзсіз.

Деніне қуат берер бұл өлкенің құпиясы – шипалы суы. Медициналық сарап бойынша, Арасан сулары – емдік қасиеті мол шипалы су болып есептеледі. Бұл су құрамына, шипалық қасиетіне қарай бірнеше топқа бөлінеді: көмірқышқыл газды (CO<sub>2</sub>), көмірсутекті (H<sub>2</sub>S), құрамында темір (Fe), мышьяк (As), марганец (Mn), мыс (Cu), алюминий (Al) болатын заттар, органикалық заттар, бромды (Br), йодты (I), радонды (Rn), кремнийлі (H<sub>2</sub>SiO<sub>3</sub>- HSiO<sub>3</sub>) болады. Организмге тигізетін қасиеттеріне қарай Арасан суын пайдалану жолы әр түрлі. Арасан суы асқазан ауруларын емдеу үшін ішуге ( Нарзан, Боржом, Сарыағаш, Арасан), ал тұзды ерітіндісі сүйек, буын, нерв жүйесі мен қан тамырлар сырқатына пайдалы, шомылып емделуге қолайлы.

Қапал, Арасан өңірі – қазақ даласының жиделібайсыны болған қасиеті өңір еді. Ажары тайып, базары тарқап, өңі қашқан бұл ауылаймақтың ендігі тағдыры – Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының еншісінде.

Негізі, Қапал-Арасанның жазиралы дархан даласына құдды бір қызылды, жасылды бояуды төгіп алған сияқты ғой. Айналасы – небір гүл, қылқан жапырақты өсімдіктердің алуан түрі бар, хош иісті жер мекені – туристер үшін, кез келген қазақ баласы үшін нағыз демалып ақ қайтатын жер еді.

Елдос Тоқтарбай  
жазушы